Всем известно, что каждый этап в истории обогащает мир новым социальным опытом, в результате которого человечество становится мудрее и прозорливее, глубже и тоньше понимает себя и окружающую действительность. В этом плане, можно сказать, что опыт предыдущих четырёх Съездов лидеров мировых и традиционных религий являет собой ценный вклад Казахстана в сокровищницу мировой культуры межкультурного общения.

Астанинские съезды еще раз подтвердили исключительное богатство и культурное разнообразие человечества, находящееся в религиозии и их вечных гуманистических ценностях.

Съезды духовных лидеров стали примером совместного поиска выхода из тупика мировоззренческих, политических и социальных противоречий, мешающих развитию социума. Встречи и выступления религиозных лидеров явили миру истинные гуманные ценности мировых и традиционных конфессий, продемонстрировали реальный опыт организации межконфессионального диалога как наиболее разумного и эффективного средства разрешения споров и конфликтов в противовес методам насилия и террора.

В течение всего этого времени на площадках Съезда продуктивно обсуждались актуальные проблемы межкультурных и межрелигиозных отношений, меры практического участия духовных лидеров в продвижении принципов мира и согласия на планете.

Динамика развития Съезда и расширение диапазона рассматриваемых проблем свидетельствует о неизменно растущем авторитете форума, укреплении его влияния на процесс консолидированного поиска ответов на порождаемые современностью сложные вопросы межличностных и межгосударственных отношений.

Благородные инициативы Съездов находят поддержку у людей разных наций и конфессий, что ещё раз доказывает востребованность и жизненность высоких идеалов нравственности и духовности, присутствующих в религиях.

По сути, со дня своего первого созыва Съезд



преобразовался в авторитетную международную платформу для межрелигиозного диалога. За 12 лет со дня его первого созыва Астанинский духовный саммит получил международное признание и превратился в один из глобальных межрелигиозных форумов ведущих религиозных лидеров со всего мира.

Кроме того, четыре прошедших форума способствовали дальнейшему повышению авторитета Республики Казахстан на международной арене как государства, иницирующего и вносящего реальный вклад в дело организации диалога различных, порой конфликтующих сторон и решения актуальных проблем и вызовов современности.

Важно отметить, что межрелигиозный и межкультурный диалог востребован, в том числе в свете ряда факторов, негативно сказывающихся на международной обстановке в настоящее время.

Во-первых, сегодня в мире всё сильнее проявляются последствия глобализации. Человечество во всём своём разнообразии находится на стадии необратимого пересечения всех сфер жизни — экономической, политической, культурной и духовной. Ценностные ориентиры и модели развития становятся предметом конкуренции, приобретая межкультурное измерение. Это — естественный и объективный процесс. Люди различных этносов, культур и религиозных взглядов всё чаще живут и трудятся вместе, оказываются соседями и поставлены перед необходимостью строить отношения друг с другом и это, к сожалению, не всегда происходит гладко. Совместное проживание разнородных этнических, религиозных групп приводит к необходимости взаимного приспособления друг к другу, воспитанию способности к преодолению потенциальных конфликтов.

Во-вторых, в настоящее время человечество располагает большими материальными, научно-техническими и интеллектуальными возможностями. Но всё явственнее становится то, что без изменения отношения к жизни как наивысшей ценности, утверждения всеобщего понимания приоритета духовно-нравственной первоосновы человека, невозможно достичь общего прогресса человечества. В этой связи важным становится преодоление имеющихся место ценностного кризиса и деградации людей, культ жестокости и потребительства, девальвации культурных и морально-нравственных принципов развития человечества.

В-третьих, в условиях усложняющихся глобальных процессов, появляются новые угрозы, растёт дефицит доверия, продолжаются локальные войны и активизируются радикальные движения псевдорелигиозного характера в ряде регионов мира, которые остро ставят вопрос о необходимости международных усилий по обеспечению безопасности и стабильности, недопущению использования религии в деструктивных целях.

Всё это заставляет нас вновь задуматься о перспективах мирного сосуществования представителей различных цивилизаций, путях и способах преодоления угроз человеческому существованию. Вызовы современности требуют активизации межкультурного и межрелигиозного диалога, являющимися важнейшими элементами стабильности любого общества.

Всё это заставляет нас вновь задуматься о перспективах мирного сосуществования представителей различных цивилизаций, путях и способах преодоления угроз человеческому существованию. Вызовы современности требуют активизации межкультурного и межрелигиозного диалога, являющимися важнейшими элементами стабильности любого общества.

Учитывая вышеизложенное, центральная тема V Съезда «Диалог религиозных лидеров и политических деятелей во имя мира и развития» является очень актуальной с точки зрения объединения усилий государств и народов в деле обеспечения мира и согласия, преодоления существующих барьеров и разногласий, поиска взаимопонимания и консенсуса.

Ожидается, что в рамках пленарного и секционных заседаний Астанинского духовного форума примут участие более 500 иностранных религиозных и политических деятелей, журналистов. Они вместе с казахстанскими участниками продолжат поиск общих интересов и ценностей, способных объединить усилия на благо мирного развития всего общества, тем самым продемонстрируют своё умение слушать и понимать друг друга, даже придерживаясь различных религиозных и политических взглядов.

Всех их объединяет общее понимание того, что только на пути взаимопонимания и взаимоуважения, мира и толерантности, поиска компромиссов человечество сможет достичь успеха, укрепить стабильность и атмосферу созидания в современном обществе, сохраняя уникальные особенности всех религий и культур, составляющих многоцветную палитру мирового пространства.

При этом, каковы бы ни были дальнейшие пути развития человечества, какие бы преграды не стояли на его пути, исторический опыт Съездов лидеров мировых и традиционных религий всегда будет оставаться одним из успешных ключей к поиску религиозными деятелями и политиками совместного решения насущных проблем современного мира.

Қазақ хандығының 550 жылдығына арналды

А. Бейсебаева,
“Мемлекеттік тілді оқыту орталығы” Байзақ аудандық бөлімшесінің оқытушысы.

«Қазақстанның тәуелсіздігі деген өте қасиетті ұғым. Бабалардың аңсағаны біздің буынның бақытына келді. Оны сақтау бәріміздің парызымыз. Керей мен Жәнібек 1465 жылы алғашқы хандықты құрды, қазақтың мемлекеттілігінің тарихы сол кезден бастау алады» деп Елбасымыз айтқандай, үстіміздегі жылы Қазақ хандығының 550 жылдық торқалы тойын тойламақшымыз. Мемлекет деңгейінде аталып өтетін мерейлі мерекенің тарихи маңызы күннен күнге артып еледі.

Кең байтақ жерімізді найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғаған бабаларымыздың ерлік жолдары мен қазақ хандығын құру жолындағы ерен еңбегі жайында “Мемлекеттік тілді оқыту орталығы” Байзақ аудандық бөлімшесінде шара өткізілді. Іс-шара барысында дәріс алушыларға Қазақ хандығының құрылуы туралы ақпарат берілді. Онда 1456-шы жылы Алтын Ордадан бөлініп шыққан Керей мен Жәнібек Шу мен Талас өзендерінің арасындағы аймаққа орналасып, қазақтың туын көкке көтергені туралы, яғни қазақ хандығының құрылуы туралы тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи Рашиди» атты шығармасынан деректер келтірілді.

Мұнымен қатар, тыңдаушылар өздерін толғандырған мәселелер туралы ойларын бөлісіп, Қазақ хандығының тарихи деректері жайында өзара пікір алмасты.

НОВЕЛЛЫ УГОЛОВНОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА

Д.Нурмаханбетова,
ст. инспектор СП отдела Байзақского района, ст. лейтенант юстиции.

Целями нового уголовно-исполнительного законодательства Республики Казахстан являются восстановление социальной справедливости, исправление осуждённых, предупреждение совершения новых уголовных правонарушений как осуждёнными, так и иными лицами. Согласно одной из новелл УИК, правовое положение осуждённого меняется, в зависимости от степени исправления, либо в сторону расширения, либо в сторону ограничения объёма его прав. В период отбывания наказания осуществляется объективная оценка поведения осуждённого на основе документированных материалов. То есть, если осуждённый встал на путь исправления, имеет поощрения в течение определённого времени и положительную характеристику, то он может претендовать на послабление режима отбывания наказания.

«АУЫЛДЫҚ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДЕ ТҰРАТЫН ЖӘНЕ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ӘЛЕУМЕТТІК САЛА МАМАНДАРЫНА ОТЫН САТЫП АЛУ БОЙЫНША ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК ТАҒАЙЫНДАУ» МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ СТАНДАРТЫ ТУРАЛЫ

1. Жалпы ережелер

1. «Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін әлеуметтік сала мамандарына отын сату бойынша әлеуметтік көмек тағайындау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі.

2. Мемлекеттік қызметті аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері (бұдан әрі — көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру:

1) көрсетілетін қызметті беруші;
2) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитетінің «Халыққа қызмет көрсету орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі — ХҚО);

3) тұрғылықты жері бойынша көрсетілетін қызметті беруші болмаған жағдайда кент, ауыл, ауылдық округ әкімі (бұдан әрі — ауылдық округ әкімі) арқылы жүзеге асырылады.

2. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ КӨРСЕТУ ТӘРТІПІ

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге не ХҚО-ға құжаттардың топтамасын тапсырған сәттен бастап — 10 (он) жұмыс күні ішінде;
2) тұрғылықты жері бойынша ауылдық округтің әкіміне — 15 (он бес) жұмыс күні ішінде;

3) көрсетілетін қызметті беруші жүгінген күні сол жерде құжаттардың топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты кезектегі адамдардың санына байланысты, көрсетілетін қызметті берушіде немесе ауылдық округтің әкімінде — 30 минут, ХҚО-да — 15 минут;

4) көрсетілетін қызметті берушіде немесе ауылдық округтің әкімінде көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты — 30 минут, ХҚО-да — 15 минут.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметті нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі — әлеуметтік көмек тағайындау туралы хабарлама.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші — www.enbek.gov.kz интернет-ресурсында; «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған;

2) ауылдық округтің әкімі — Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін.

Қабылдау алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетуісз кезек тәртібінде жүзеге асырылады;

3) ХҚО — Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Қабылдау алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетуісз «электрондық кезек» тәртібінде жүзеге асырылады. Көрсетілетін қызметті алушының қалауы бойынша портал арқылы электрондық кезекті «броньдауға» болады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) көрсетілетін қызметті берушіге, кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне не ХҚО-ға жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) еркін нысанда өтініш;
2) жеке басын куәландыратын құжат;
3) тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат (мекенжай анықтамасы не ауыл әкімдерінің анықтамасы);

4) жұмыс орнынан анықтама;
5) екінші деңгейдегі банкте немесе банк операцияларын жүзеге асыруға тиісті лицензиясы бар ұйымдарда дербес шоты бар екенін растайтын құжат.

Көрсетілген құжаттардағы ақпарат мемлекеттік ақпараттық жүйелерде расталған кезде көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын, тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсыну талап етілмейді.

Көрсетілетін қызметті беруші, ХҚО мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, ақпараттық

жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының жазбаша келісімін алады.

10. Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсына алмай жатса, ХҚО басқармасы құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

3. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТІ БЕРУШІНІҢ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ОНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ АДАМДАРЫНЫҢ, ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ОНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ШЕШІМДЕРІНЕ, ӘРЕКЕТТЕРІНЕ (ӘРЕКЕТСІЗДІГІНЕ) ШАҒЫМДАНУ ТӘРТІБІ

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, ХҚО-ның және (немесе) оның қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану; шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының не Астана және Алматы қалалары, аудандар және облыстық маңызы бар қалалар әкімдерінің (бұдан әрі — әкім) атына беріледі.

Шағым жазбаша нысанда почта арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Астана және Алматы қалалары, аудандар және облыстық маңызы бар қалалар әкімдіктерінің (бұдан әрі — әкімдік) кеңсесі арқылы жұмыс күндері қолма-қол қабылданады.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе әкімдіктің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсете отырып арқалы түрде (мортанба, кіріс нөмірі және күні), оның қабылданғанын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің басшысына немесе әкімге жіберіледі.

ХҚО қызметкерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым ХҚО басшысына осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша және телефондар арқылы беріледі.

ХҚО кеңсесіне қолма-қол да, пошта

арқылы да келіп түскен шағымды тіркеу (мортанба, кіріс нөмірі және тіркеу күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады), оның қабылданғанын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін ХҚО басшысына жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе әкімнің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте сотқа жүгінуге құқылы.

4. МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТІ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ЭЛЕКТРОНДЫҚ НЫСАНДА КӨРСЕТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП ҚОЙЛАТЫН ӨЗГЕ ДЕ ТАЛАПТАР

13. Денсаулық жағдайына байланысты ХҚО-ға өзі баруға мүмкіндігі жоқ көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызмет көрсетуге қажетті құжаттарын қабылдауды ХҚО қызметкері көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жеріне барып жүргізеді.

14. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:

1) Министрліктің — www.enbek.gov.kz; «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде;

2) ХҚО-ның — www.con.gov.kz интернет-ресурстарында орналастырылған.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің мәртебесі туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірінші бағыныс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.

ОТБАСЫ – ОТАН ТІРЕГІ

Н.Бейсенов,
Түймекент ауылы.

Халқымызда «Қарты бар елдің қазынасы бар» деген нақыл сөз бар. Бүгінгі еліміздің көркейіп-гүлденуі, ұрпақтарымыздың шат-шадыман, бақытты тұрмысқа кенелуі, әрине, аға ұрпақтың маңдай терінің, елге сіңірген еңбегінің жемісі екендігіне сөз жоқ.

Өмірі өнегеге толы ақ жаулықты ана Мария Бекболатқызы да өскелең ұрпақтың өсіп-өнуіне өзінше үлес қосқан жан.

Мария Биболатова Кавказдағы Қарашай автономиялық облысы, Микоян Шағар ауданы, Ақкала ауылында 1928 жылдың 10 наурызында дүниеге келген. Әкесі Бекболат, анасы Суфияттан 4 қыз, 2 ұл болған. Сол әкесі ертеректе өмірден өтіп, анасы, ағасы бастап жанұя мүшелерін сұрапыл соғыс жүріп жатқан тұста жер аударып жібереді. Бір-ақ түнде қызыл эшелон вагонға отырғызылып, 1943 жылдың 2 қарашасында Жамбыл жеріне келіп түседі. Бөтен ел, бөтен жер алғашында қиынырақ болғанымен, қазақ халқының кең мінезді, қонақжайлылығының арқасында біртіндеп бұл жаққа да үйренісе бастайды. Ол кезең жайлы кейіпкеріміз былай дейді: «1943 жылдың 10 қарашасы болуы керек. Қаулап келген біздерді ат арбамен Жамбыл облысы, Байзақ ауданына қарасты (бұрынғы Свердлов) Көкөзек ауылына қолхоздың бастығы өзі басы-қасында жүріп әкеліп орналастырды. Бізге үйінің бір бөлмесін бөліп берді. Жататын жеріміз бөлек демесек, бір есіктен кіріп-шығамыз, тіпті бір кездерде бір үзім нанды бөліп жеген кезіміз болды. Айтайын дегенім, қайсар мінезді қазақтардың ынтымағы мен тату тірлігі болмағанда біздің жай-күйіміз не болары бір Аллаға ғана аян еді. Сол үшінде осынау дархан көңілді халыққа әлге дейін алғысымды айтып жүремін.

Қан майдан адамзат баласын әбегерге салғаны белгілі. Ауыл тұрғындары мыналар жер ауып келді деп бөтенсімей, қайта қолындағы құрт, айранын, ет, нанын беріп, ауқаттандырды. Біз де сол ілтипатқа лайықты еңбек етуді жөн санадық. Қиын-қыстапан кезеңде халыққа қолдау білдіріп, егістікте қант қызылшасын өсіруге қолғабыс көрсеттік. Жұмыстың ең ауырын әсіресе әйелдер мен қыздар, жас балалар,

кәрі кісілер де атқарды ғой. Ал, ер азаматтар майданға аттанып жатты. Ол уақыттың ауыртпалығын ауызбен айтып жеткізу қиын. Енді еш соғыс болмасын деп тілеймін» - деді, бізбен болған әңгімесінде тыл ардагері Мария апай.

1941-1945 жылдарды шарпыған Ұлы Отан соғысы әрбір жанұяға өз ызғарын



тигізгені анық. Аяулы жанның жолдасы Сәбденәлі Туғанбаев отты жылдардың ортасында болған екен.

Әңгімемізді әріден бастар болсақ, Мария Биболатова қазақ елінде, қазақ жігітімен отау құрып, қазақ ұлтының келіні атанады. Туғанбаев Сәбденәлімен жұп жарастырған кейіпкеріміз ол кезде небәрі 18 жаста ғана болған. Ал, 23-тегі жігіт ағасы шаңырақ көтеруден бұрын қан майданға қатысып қайтқан көрінеді.

«Менің ерім Туғанбаев Сәбденәлі 1923 жылы І қаңтарда Жамбыл облысы, Свердлов ауданы, Көкөзек ауылында туылған. 1942 жылы Свердлов ауданының әскери комиссариатынан шақырту қағаз келіп, бір ауылдан Төлепалды, Әшім, Өрік деген жігіттермен бірге Сәбденәлі де Отан алдындағы борышын орындауға аттанады. Алдымен Алматыдағы 147-ші запыстағы кавалериялық полкке одан, көп ұзамай 1943 жылы ақпан айында Сталинград майданындағы қанды қырғынға қатынасып, ерлік көрсетеді. Минск, Харьков, Киев қалаларын жау

қолынан азат етуге қатысады. 1944 жылдың қазан айында Карпаттағы немістердің тылына жіберіледі. С.Туғанбаев құрамында болған полк қайта толықтырылып, Польша арқылы Германияның бұрынғы шекарасын басып өтеді. Жолдасы 1945 жылдың қыркүйегінде елге аман-есен оралды. Ал, біздің отау құрғанымыз 1946 жылдың мамыр айы болатын» деді ескі папкада жинақталған құжат-қағаздарды ақтара отырып М.Биболатова.

С.Туғанбаевтың Отан қорғау жолындағы қауармандығы ескеріліп «Отан соғысы» ордені, «Ерлігі үшін» медалі, Украина майданы қолбасшысының мақтау қағаздары мен түрлі Алғыс хаттар берілген екен.

Соғыста жаумен арпалысқан жаужүрек жауынгер, елге оралған соң да еселі еңбегімен көзге түседі. Ұстаздық қызмет атқарады. Жарасымды жұп 8 ұл-қыз тәрбиелеп өсіреді. Өткен етер тұсы, С.Туғанбаев осыдан төрт жыл бұрын ауыр науқастан қайтыс болды. Өйтсе де абыз ана қазақ елінде қазақ жігітімен тұрмыс кешкен талай күндерін ең бақытты сәт деп санайды. Мария Биболатова мен Сәбденәлі Туғанбаевтан тараған ұл-қыздардан бүгінде 20 немере, 21 шөбере бар. Міне, сол жас ұрпақтың ортасында бақуатты ғұмыр кешкен Батыр ана қаншама қилы кезеңдерді көзімен көрсе де, қарапайым қалпынан танбай, кейінгі буынға үлгі болып жүр.

Өзінің 87 жасына қарамастан үй шаруасына мығым, тіпті жастардан ширақ қимылдайды десе де болады. Немере-шөберелеріне көзімен көріп, көңілге түйгендерін естелік ретінде айтып отыратын аяулы ана бар білгендерін оларға үйретуден де шаршамайды.

Иә, «Отбасы –Отан тірегі» деген міне, осы шығар. Отбасының киесі де, иесі де – ата-апаларымыз аман болғай!

Редакциядан: Байзақ аудандық «Ауыл жаңалығы»-«Сельская новь» газетінің штаттан тыс тілшісі, мақала авторы Ниязхан Бейсенов маусым айының 25 жылдығында 75 жасқа толғалы отыр екен. Қашанда белсенділігімен танылып, қолынан қаламын түсірмей түрлі тақырыпта талмай жазып жүрген қаламгер қариямызды осынау торқалы тойымен бізде шын жүректен құттықтаймыз.

ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ - НҰРЛЫ БОЛАШАҚ

М.Манекеев,
«Ауыл жаңалығы».

Жуырда аудан орталығындағы «Астана» балабақшасында сыбайлас жемқорлықтың кез-келген көрінісіне төзбеушілік ахуалын қалыптастыра отырып, бүкіл қоғамды, оның ішінде, жастарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа тарту, жемқорлыққа

Н.Назарбаевтың көрегендік танытып, мемлекетімізді тығырықтан алып шығатын «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол!» атты Қазақстан халқына Жолдауын жариялағанын тілге тиек етті. Осы орайда, жоғарыда айтылған биік мақсаттар мен ел азаматтарының алдына қойылған міндеттерді, «Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асыруда басты кедергі болып отырған қоғам дерті - сыбайлас



қарсы тұрарлық мәдениетті, білім мен тәрбиені қалыптастыру мақсатында «Жемқорлықсыз-нұрлы болашақ» тақырыбында іс-шара болып өтті.

Т.Рысқұлов аймағы бойынша мемлекеттік қызметістері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл басқармасының консультанты Нұржан Қуандықов, аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру және мемлекеттік құқықтық жұмыс бөлімшесінің бас маман, заңгері Асқар Прманов, балабақша қызметкерлері

жемқорлық. Елбасы атап өткендей: «Мемлекет пен қоғам жемқорлыққа қарсы күресетін бір күш болуға тиіс. Жемқорлық-жай құқық бұзушылық емес. Ол мемлекеттің тиімділігіне сенімді сәтіндеті және ұлттық қауіпсіздікке төнген тікелей қатер болып саналады»-деді.

Сондай-ақ өз кезегінде аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру және мемлекеттік құқықтық жұмыс бөлімшесінің бас маман, заңгері Асқар Қондыбайұлы «Жемқорлықсыз



және ата-аналар комитетінің қатысуымен өткен шараны аудан әкімдігі білім бөлімінің сектор меңгерушісі Шырақ Әбдірәсілов ашып, жүргізіп отырды.

Шара барысында Нұржан Жамбылұлы «2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» Стратегиясына кенінен тоқтала отырып, бүгінгі күні күллі әлем жаһандық дағдарыспен бетпе-бет келіп отырғанда Ұлт Қосбасшысы

- нұрлы болашақ» тақырыбында дәріс оқыса, балабақша меңгерушісі Лейла Жарылқапова өзі басшылық етіп отырған мекемеде «2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» Стратегиясының орындалу барысы жөнінде есеп берді.

Жиынды қорытындылаған төраға Ш.Әбдірәсілов шара қатысушыларын жемқорлықпен қарсы күреске бір кісідей жұмылуға шақырды.

ЖАЗЫЛЫМ – 2015

«Қазақстан-ZAMAN» – халықтық басылым

ҚАЗАҚСТАН ZAMAN

Алаш арысы Ахмет Байтұрсыновтың «Қай елдің баспасөзі мықты болса, сол елдің өзі де мықты» деген қанатты сөзінің қашанда мән-мағынасы жоғары. Мұнда «жыланды да інінен шығаратын» сөз бен «тас жаратын немесе бас жаратын» тілдің құдіретін бағалау бар. Еларалық қарым-қатынасты қалыптастыруда, ел экономикасының дамуында, ел тұрғындарының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайының жақсаруында, бәрі-бәрінде баспасөз осы бағалауға лайық рөл атқарып отырғаны даусыз. Бүгінде тәуелсіз Қазақстан қол жеткізген барлық табысқа баспасөздің қосқан үлесі зор. Қазақстанда танымал басылымдар қатарындағы «Қазақстан- ZAMAN» халықаралық қоғамдық-саяси газеті осындай белсенді басылымдардың бел ортасында.

Олай дейтініміз, газет өзі шығып келе жатқан ширек ғасырға жуық уақыт ішінде барлық саладан барлық тақырыпта мақалалар жариялап, аса маңызды мәселелердің шешілуіне атсалысып келеді. «Жүйелі сөз жүйесін табар, жүйесіз сөз иесін табар» ұстанымындағы бұл басылым ең алдымен тіл, діл, дін, салт-дәстүр, әдет-ғұрып секілді ұлттық құндылықтарымыздың жанашыры. Оларды көздің қарашығындай сақтауда көп белсенділік танытады. «Турасын айтып туғанына жақпай қалған» кездері де бар. Бірақ қай мәселені болса да орынды қозғап, оқырман ойынан шығап жүргеніне ел куә.

Сіз бұл газеттен кез-келген тақырыпта келелі мәселені арқау еткен мағыналы да мәнді, дәйекті дәлелдермен көкейдегіні деп басқан мақалаларды оқи аласыз. Оның бетінде өзіңізді толғандырып жүрген мәселе жөнінде ойыңызды ортаға салып, оқырманмен пікір алмаса аласыз. Өзіңіздің қуанышыңызды бөлісіп, өкпе-ренішіңізді де білдіре аласыз. Тіпті, «айтпаса сөздің атасы өледі» деп, бір жеңілденіп қалу үшін, жанапайыңызды да жазып жіберуіңізге болады. Бірақ газет ақтаушы да, даттаушы да, жазалаушы да емес екені есіңізде болсын. Газет – қоғамдық мінбер, қоғамның қозғаушы күші. Ол мақалаларымен қоғам дамуына өз үлесін қосады.

«Қазақстан- ZAMAN» газеті жоғарыда айтылған мәселелердің барлығын да батыл көтеріп, адамдар санасында қоғамдық пікір қалыптастыруға, олардың қоғам дамуындағы белсенділіктерін арттыруға лайықты үлес қосып келеді.

Ол – сенің рухани досың, сырласың, ақылшың, құрметті оқырман! Сондықтан екінші жартыжылдықта да жаздырып алуға асық. Өкінібейсің! Есесіне жаның азықтанып, рухани байлығың арта түседі.

Жаздырып алуға еш кедергі жоқ. Кез-келген пошта бөлімшесі сізге қызмет көрсетуге дайын.

Үлгермеген жағдайда, кез-келген айдың 10 жылдығына дейін жазылсаңыз, келесі айдан бастап газетіңізді ала аласыз.

ДАРХАННЫҢ ЖЫЛЫЖАҰЫ

ТҮТЫНУШЫЛАРДЫ САПАЛЫ ӨНІММЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕ

М.Шалғынбай,
«Ауыл жаңалығы».

Күні кешеге дейін жылыжайда өскен көкөніс десе, көз алдымызға дәріленген бақша өнімдері елестейтін. Оны денсаулығымызға зияны бардай көріп, алуға құлқымыз бола бермейтін. Одан гөрі ашық аспан астында өскен табиғи өнімді алуға ұмтылатынымыз. Сөйтсек, шындығында, а у а - р а й ы н ы ң қолайсыздығына тәуелсіз жылыжай шаруашылығы ашық жермен салыстырғанда сапалы мол өнім алуға мүмкіндік береді екен.

Шағын және орта бизнесті дамытуға мемлекет тарапынан жасалған қамқорлықтың нәтижесінде ауданымызда көптеген игі бастамалар көтеріліп, жаңа нысандар салынып жатыр. Солардың ішіндегі тың жобасы – жылыжай салып, өнімді өнім алу. Көктемде ғана егін егіп, күзде жинап алып, қыс бойы соғым жеп жататын біздің өміріміз үшін жылыжай деген осы кезге дейін таңсық дүние болып келгені рас. Алайда, жаңа заманның сұранысы мен талабына сай байзақтықтар қысы-жазы үзбей өнім беретін жылыжайдың да тегітін тауып, бүгінде өнім алып отыр. Соның бірі – Қостөбе ауылдық округіндегі орын тепкен «Серік» шаруа қожалығы.

Міне, жуырда ғана сол жылыжай иесі алғашқы өнімдерін жинап жатыр деген хабарды құлағымыз шалысымен шаруа

қожалық жетекшісі Дархан Аққұмановпен байланысып, жылыжай барудың сәті түскен болатын. Әлбетте, бастаманың бастаушысы болу – батылдықты, өз ісіне деген сенімділікті талап етері сөзсіз. Айтса айтқандай, тыңға түрлен салу, жасалған бастаманы баяндау ету – әркімнің де қолынан келе беретін оңай шаруа емес.



Сөзіне құлақ түрсек, қолының шеберлігі мен кәсіпке деген құлшынысы Дарханды несіе алып, жылыжай салу ісіне алып келіпті. Алдымен жылыжайды салудың, өнім өсірудің қыр-сырларын іздене жүріп, үйреніп алған ол, жылыжайдың заманауи үлгісін арнайы орында жасатып, тұрғызады. Оны тұрғызу жұмыстары барысында, ішіне керекті жылыту қондырғысы, ауа алмастырғыш құрылғы, тамшылатып суару құбыры сияқты қондырғылар орналастырылып, барлығын талапқа сай етіп жасалады.

Жаңа заманға сай жасакталған жылыжай ішінде көкөністі суару үшін тамшылатып суару әдісінен бөлек жерасты құдығы да қазылып, өнім алуға толық жағдай жасалыпты. Аталған жайда бүгінде орта есеппен бес тоннаға жуық өнім алынып, тұтынушыларға ұсынылып отыр. Базардағы бағадан екі еседей төмен бағала сатылып, сапалы, жана піскен күйдегі қызанақ, шеттен келген өнімдерге қарағанда әлдеқайда тиімді екені айтпаса да түсінікті. Бұл өнімдермен шектеліп қалмайтынын айтқан Дархан алдағы уақытта қияр және басқа да дақылдар егетін екінші жылыжай жұмысын қолға алмақшы. Осылайша шағын және орта бизнеске жасаған мемлекет қамқорлығын тиімді пайдалана білген ол, болашақта жылыжай өнімдерімен тек аудан тұрғындарын емес, өзге де аймақтарды қамтуды жоспарлап отыр.

Біз барған тұста қызанақ жиналып жатыр екен. Жылыжайдағы 12 қызметкер өз ісінің нағыз маманына айналған. Бұл жерде жайқалып өскен әрбір өнім олардың тынымсыз еңбегінің нәтижесі екені даусыз.

Экономикамыздың тірегі саналатын осындай кәсіпкерлер екені анық. Ендеше, ауданымыздың абыройын асқақтатып, елдің енесін көтеруге үлес қосып жүрген «Серік» шаруа қожалығының еңбеккерлеріне істеріңіз жемісті болып, жұмыстарыңыз жана берсін демекпіз!

Естімеген елде көп

Бірден 4 бұзау туылды

Естімеген елде көп. Бұрын-соңды болмаған жаңалық Қостөбе ауылынан келіп жетті. Осында тұратын Тимур Дервиш пен Мейрам Абдуллазиев бағып отырған буаз сиыры бір күнде бірден 4 бұзауды туды. Бұған тек сиыр егелері ғана емес, бүкіл ауыл тұрғындары таңданыспен қарауда.

Істің мән-жайымен ауылдық ветеринар дәрігері Сембек Кашкинбаев та қанығыпты. Мал дәрігерінің айтуынша, туылған төлдердің де, олардың анасының да денсаулығында еш кінәрат жоқ.

Біз төртем туған сиырдың егелерін әңгімеге тартқанымызда: «Жасым біразға жетіп қалды. Мұндайды еш көргенім жоқ. Буаз сиырымыздың

төлдейтін уақыты таяп қалған болатын. Алайда, бірден 4-еу туады дегенді ойламаппыз. Алаашында екеу, араға минөттерді салып үшінші, сосын төртіншісі дүниеге келді. Маусым айының басында туылған бұзаулардың қазіргі таңда жағдайы жақсы. Жүгіріп, ойнап жүр. Төбеттері де жаман емес. Қайдан білейін, Құдайдың қалауы шығар. Алайда, қай нәрсені болмасын жақсылыққа балайтынымыз бар ғой. Бұзаудың 3-еуін тірідей таратып беріп жатырмын» дейді М.Абдуллазиев.

Бір мезетте бірнеше бұзау туған сиыр тек мұнысымен ғана емес, бір сауғанда 25 литр сүт беретіндігімен де ерекшеленеді екен.



Эл.почта: ayil@ayil.ru

